



Елбасы Жарлығымен 21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні болып бекітілген болатын. Бұл – шығармашылық адамдарына деген айрықша құрметтің белгісі және әрбір мәдениет қызметкерлері үшін ерекше күн.

Осы мереке қарсаңында 20 мамыр күні ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев атындағы орталық мәдениет және демалыс саябағында «Ұлт мәдениетімен мәңгілік» атты меркелік шара өтті. Меркелік шараны облыс әкімі Б.М.Сапарбаев құттықтау сөзімен ашты. Шараға облысымыздың мәдениетіне үлес қосып, осы саланың мәртебесін көтеріп жүрген көптеген зиялы қауым, мәдени қызмет ету жолында олшеусіз еңбек еткен ардагерлер шақырылды. Аталмыш мерекеде мәдениет пен өнерде жүрген көптеген қызметкерлердің еңбегі еленді. Солардың ішінде С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі Хамидуллина Бактыгүлді Мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы М.Н.Корганбаева алғыс хат және арнайы сыйлықпен марапаттады. Ал кітапхана директорының орынбасары Кудасова Үржан Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрайымы С.Иманқұлованың атынан Құрмет грамотасымен мадақталды. «Мәдениет-ен алдымен жәдігерлік. Оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші-зиялы қауым» дейді елбасы Н.Назарбаев. Ал мәдениет-кітап оқудан басталады. Өнер мен мәдениет-егіз ұғым. Сондықтан кітапхана қызметкерлері меркелік шараға орай саябақта «Өнер мен әдебиет-халықтың жаны», «Арайлы Ақтобенің мақтаныштары» атты кен көлемде кітап көрмелерін ұйымдастырды. Кормеге республикалық және облысымыздан шыққан танымал жұлдыздар туралы әдебиеттер мен газет-журналдар қойылды. «Кітапхана тынысы» атты фото көрме жасакталды.

«Өнер мен әдебиет-халықтың жаны» атты кітап көрмесі

Автор: Administrator
21.05.2017 00:00

